# 2021-2022 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША
# 3 – СЫНЫП ЖЕТЕКШІСІНІҢ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ БОЙЫНША
# ҚОРЫТЫНДЫ ТАЛДАУЫ

**-Жалпы сыныбыңызда неше ұл, неше қыз, аз қамтылған отбасы, көп балалы отбасы, жартылай жетім, жетім отбасы саны, өгей отбасымен тұратын бала саны қанша?**

Сыныпта оқушы, 4 қыз, 2 ұл
Аз қамтылған отбасы- 1
Көп балалы отбасы – 1
Толық емес отбасы – 1
Жетім отбасы – 0
Өгей отбасымен тұратын оқушы - 0

**-Оқушылардың жыл бойғы сабаққа қатысу көрсеткіші:** 100 %

**-Бос уақытты тиімді ұйымдастыруда үйірме жұмыстарына тартылуы:**

| **Жалпы оқушы саны:** | **«Балалар және театр» үйірмесі** | **«Тоғызқұмалақ» үйірмесі** | **«Ұшқыр – ой» дебат** |
|---|---|---|---|
| 5 | 4 | 3 | - |

**-Тәрбие сағаттарында тәрбие бағыттарының қамтылуы:**

| **Бағыттар** | **Өтілген тәрбие сағаттары саны:** |
|---|---|
| Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие | 5 |
| Рухани адамгершілік тәрбие | 4 |
| Ұлттық тәрбие | 3 |
| Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие | 4 |
| Отбасылық тәрбие | 2 |
| Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі | 4 |
| Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие | 3 |
| Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты | 4 |

**-Өтілген тәрбие сағаттарының баланың дамуына тигізген әсерлері,  оң нәтижелері**




**«Отбасы – бақыт мекені»  атты тәрбие сағаты**

**Мақсаты:** Жақын адамдарына пайда келтіру мен отбасында өмір сүру қажеттіліктерін қалыптастыру. Жанұядағы сыйластыққа, адамгершілікке, инабаттылыққа, ынтымақ пен бірлікке, татулық пен ұйымшылдыққа тәрбиелеу.




Отбасылық сайыс тақырыбы: Үлгі болар отбасы – қазағымның айнасы

***Мақсаты:****Отбасы — тәрбиенің бастауы, бала өміріндегі маңызды – өнеге баспалдағы екендігін ескере отырып, отбасымыздағы өнегелі тәлім-тәрбие арқылы бала бойында адамгершілік, сыйластық, ата-анаға, қоршаған ортаға, қоғамға деген сүйіспеншіліктерін, халқымыздың салт-дәстүр, әдет-ғұрып үлгілері, тәрбие тәсіл, тәжірибелелері арқылы сіңіру, тәрбиелеу.*




**Сабақтың тақырыбы:   «Ақыл сөзді іздесең, Абайды оқы, ерінбе!»**

**Мақсаты:** Қазақтың данышпан ақыны Абайдың артына қалдырған мұрасы – халқымыздың өркениеттің өріне маңдай түзер темірқазығы, асыл қазынасы. Әрқайсымыздың жан-жүрегімізге жақсылық, ізгілікнұрын себетін ұлы ақын — қазақ халқына ғана емес, бүкіл адамзатқа ортақ мәңгілік тұлға екенін ұғындыру

-

**Сабақтың тақырыбы:  Жануарларды қорғай білеміз бе?**



**Мақсаты:** Оқушылардың жануарлар әлемін қорғау, қорықтар бойынша білімдерін қортындылау, тереңдету. Жануарларды қорғаудың ерекшеліктеріне мән беруге үйрету, шығармашылықпен жұмыс істеуге, тапсырмалар орындау арқылы оқушылардың сын тұрғысынан ойлауын дамыту.  Табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттырып , оны қороғай білуге тәрбиелеу.

**ҚОСЫША БІЛІМ БЕРУ МАМАНДАРЫМЕН БІРЛЕСЕ ЖҮРГІЗІЛГЕН ЖҰМЫСТАР ТУРАЛЫ:**



- Әлеуметтік педагогтың ұйымдастырған «Күзгі сыйлықтар» тақырыбындағы байқауға Амантай Әсемайқатынасып, марапатталды



Мектеп кітапханашысы өткізген **«Кітапханаға саяхат»** атты саяхат сабаққа сынып түгел қатынасты**.**




**Психолог «Мен өмірді сүйемін» ,**
**«Буллинг, кибербуллиинг дегеніміз не?»  тақырыбында танымдық сабақ, тренингтер өткізді.**




**Мектептің аға тәлімгері ұйымдастырған «Күз ханшайымы» сайысында Бердібек Аянат қатынасып, жүлделі ІІ орынмен марапатталды.**




**Мектепішілік «Менің Қазақстаным!» патриоттық әндер сайысы бойынша Алғыс хатпен марапатталды.**

**АТА-АНАЛАРМЕН ЖҮРГІЗІЛГЕН ЖҰМЫСТАР:**



**«Бала құқығы – адам құқығы»** ата –аналар жиналысы

**Мақсаты**: Ата-аналарды Қазақстан мемлекетінің негізгі құқықтарымен таныстырып, ата заңымызға деген сүйіспеншілік сезімдегі шыншыл да әділетті және парасатты тұлғаны қалыптастыруда, өз құқық-тарын терең сезінуге ықпал ету.



**«Басты міндет – балалар қауіпсіздігі»** ата – аналар жиналысы
**Мақсаты:** Ата-аналарға балалардың құқығы маңызды екенін түсіндіру. Ата-ана - біздің еліміздің кішкентай азаматтарының негізгі гранты болып табылатынын ұғындыру.
Күн тәртібінде:
1."Біз бала құқықтарымен танысамыз" – сынып жетекші
2. "Бала құқықтары туралы конвенция, бұл ата-аналар мен балаларға арналған құжат" – Құқық пәні мұғалімі
3. Түрлі сұрақтар

**Қорытынды**:
- Сыныптың оқу сапасы – 80 %
- Үлгермеуші, тәртіп бұзған , сабақтан қалған оқушы болған жоқ;

**Алдағы оқу жылында толықтыру керек:**
- «Ата – ана, мектеп, отбасы» үштік одақ жұмысын жандандыру

Сынып жетекші: Л.А.Нығметова